


● Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл!

• Қазақтың жыр өнерін Жамбыл Жабаевсыз елестету мүмкін емес. Жасы оннан асқан шағында ауыл арасында өлеңші бала атанған ол сол кезде-ақ өзінің болашақта жыр алыбына айналатынын аңғартқан екен. Жүзге жеткенше жүрегінен жыр саулаған ұлы жырау міне осылайша артында өшпестей із қалдырды.

Он бес жасында Сүйінбай ақыннан бата алған ол өмірінің соңына дейін ұстазын ұлықтаумен өтті. Адалдық пен еңбекқорлықты, батырлық пен ерлікті жырлап өткен ақынның негізгі ұстанымы да ел жанынан табылу еді.



Жүзге дейін жырлаған жүрек

Жамбыл Жабаев 1846 жылы ақпан айының 28-і күні Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген. Жастайынан өлең-жырға құмартып өскен ол көп ұзамай өз өнерімен көпшіліктің көзіне түсе бастайды. Бала ақынның даңқы, тіпті, Алатау асып, қырғыз еліне де жетеді. Күндердің күнінде Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның батасын алады.

«Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт. Ел бірлігін сақтаған татулықты айт». Міне, осындай ұстанымда болған ол айтысқа түскенде тұтас елдің туын жықпай, өріден ойлап, тереңнен қозғаған. Керек кезінде астарлы әзілді де ұтымды пайдаланып, қоғамдағы келеңсіздіктерді өз жырларына арқау етіп отырған. Сөзге шешен, тілге жүйрік Жамбыл сол заманның кіл «сен тұр, мен атайын» ақындары Айкүміс, Сары ақын, Белтірік, Майкөт, Сарыбас, Құлманбет, Досмағанбетпен айтысқаны жайлы және оларды жеңгені туралы деректер бүгінгі күнге жеткен. 1925 жылы Ташкентте «Терме» деген әдеби жинақ жарық көрді. Сол кітапта Жамбыл туралы мынадай деректер айтылады: «Жабайұлы Жамбыл – Жетісудың атақты, арқалы ақыны, жасы – 68-де, жылы – қоян, сауаты жоқ, тұратын жері – Ұзынқарғалы болысы, №4 ауыл. Жамбыл жатқа білетін жыр-дастандар: «Көрүглы» дастаны, «Ерназар мен Бекет», «Сүйінбай мен Қатағанның айтысқаны», «Садыр патша мен Жамбыл патшаның заманы», «Сүйінбай мен Тезек төре», «Жамбыл мен Құлманбеттің айтысы», «Шалтабай» дастаны және шежірелер мен терме өлеңдері». Ал, 1931 жылы жарық көрген С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті нұсқалары» деген фольклорлық жинағында және 1932 жылы жарияланған «Қазақ әдебиеті» деген кітабында Жамбыл мен Құлманбет айтысының қысқаша нұсқасы берілген.

Ұлыларды ұлылар ғана таниды. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Жамбыл – ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бетбейнесімен аса зор құбылыс. Ол – әрі эпик-

ақын, әрі айтыс-ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны» деп бағалаған екен. 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихы» атты жинақта Мұхтар Әуезов Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына көңінен тоқталып, арнайы мақала жазады. «Айтыс өлеңдері» деген зерттеу мақаласында автор қазақ айтыс өнерінің жарық жұлдыздары қатарында Сүйінбайды, Шөжені, Кемпірбайды, Жанақты және Жамбылды атайды.

Жыр алыбы Жамбыл 99 жасында, 1945 жылы қайтыс болады. Бір жылдан кейін, яғни 1946 жылы Жамбылдың 100 жылдық торқалы тойы бүкіл Қазақстан, Одақ көлемінде көңінен аталып өтеді. Биыл 175 жылдығы аталып өтіп жатқан ақынның әлі де зерттелмеген, тереңірек бойлап көруді керек ететін дүниелері жетерлік. Ол ақын ғана емес, ағартушы да болған. Жүрген жерінде елді еңбекке, адамгершілікке, адалдыққа шақырып, керек кезінде туралықты айтуға үйрететін туындылары да аз емес. Өзі де өмірінің соңына дейін осы ұстаныммен өтті. Мәскеуге барып, Сталиннің алдында салмақты сөз, саналы ой айтуының өзі оның ақындық қана емес, азаматтық қайраткерлігін де танытса керек.

Иә, Жамбыл жырларының бастауы тым тереңнен, айтыс ақындарының алтын дінгегінен тамыр тартатын. «Менің пірім – Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай!» деуінің сыры да түсінген адамға, тереңде жатыр. Осы бір ауыз сөзінен-ақ оның ұлттық болмысы анық көрінеді.

Ендеше, қазақтың жыраулық өнерін жалғастырып, осы өнері арқылы ұлт ұстынын биік етуге, қоғам болмысын жырлап өтуге барын салған тұлғаны біз де лайықты бағалап, өскелең ұрпаққа барынша насихаттай білуіміз керек.

Кеңес БАЙЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің
аға оқытушысы, ауыл шаруашылығы
ғылымдарының кандидаты.